

С.Д. Мамраймов^{1*} ¹Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикадық университеті,
160000, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.*e-mail: s_dauletuly@mail.ru**«ҚАЗАҚШЫЛДАР» АСТЫРТЫН ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ 1928 ЖЫЛҒЫ ШЫМКЕНТ
ҮНДЕУІ: ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСТІҢ БЕЛГІСІЗ ПАРАҚТАРЫ****Аңдатпа**

Қазақстан аумағында ХХ ғасырдың 1920–1980 жылдары аралығында өмір сүрген жасырын ұйымдардың қалыптасуы мен дамуы – кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы қоғамның ішкі қарсылығының бір көрінісі болды. Бұл ұйымдардың көпшілігі ұлттық бағыттағы зиялы қауым өкілдері мен жастар бастамасымен құрылған. Олар жазбаша үндеулер тарату, әдеби шығармалар арқылы халықты ояту, қоғамдық наразылық тудыру секілді әртүрлі тәсілдерді қолданды. Мұндай ұйымдарға мысал ретінде «ЕСЕП» (1940–1950 жж.), «Жас қазақ» (1960 ж.), «Жас тұлпар» (1963 ж.) және 1928 жылы Шымкент қаласында құрылған «Қазақшылдар» ұйымын атауға болады. Мақаланың мақсаты – Қазақстан аумағында ХХ ғасырдың 1920 жылдарының соңында құрылған «Қазақшылдар» астыртын ұйымының қалыптасу алғышарттарын, мақсат-мүддесі мен қызметін тарихи деректер негізінде жан-жақты талдау. Мақалада 1920 жылдардың соңында Кеңестік билікке қарсы бағытталған ұлттық-демократиялық астыртын ұйым – «Қазақшылдар» қозғалысының құрылуы, мақсат-мүддесі мен қызметі тарихи деректер негізінде қарастырылады. Шымкент қаласында құрылған бұл ұйым кеңестік отарлық саясатқа наразылық білдіріп, «Басыңды көтер, қазақ!» атты үндеу жариялап, қазақ жастарын отаршылдыққа қарсы күреске шақырған. Үндеуде кеңестік үкіметтің астық дайындау саясаты, ұлттық мәдениеттің ассимиляцияға ұшырауы, «қазақтандыру» ұранының жалғандығы және жер мәселесі сынға алынған. Мақалада ұйым мүшелерінің өмірбаяны, олардың қамауға алынуы және кейіннен ақталу процестері баяндалады. Сонымен қатар, бұл ұйымның қызметі мен үндеулерінің сол кезеңдегі халықтық көтерілістерге рухани серпін бергені көрсетіледі. Кеңестік билік тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған бұл ұйымның іс-әрекеттері бүгінгі күн тұрғысынан ұлт-азаттық күрестің заңды жалғасы ретінде қарастырылады. Мақалада мұрағаттық деректер мен тергеу құжаттарына сүйене отырып, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру қажеттілігі дәлелденеді.

Негізгі сөздер: Қазақшылдар, астыртын ұйым, саяси қуғын-сүргін, ұлттық қозғалыс, кеңестік саясат, ұлт-азаттық күрес.

Кіріспе

ХХ ғасырдың басынан бастап Қазақстанда саяси және қоғамдық өмірдің түрлі формалары қалыптасып, ұлттың тағдырына тікелей әсер еткен күрделі тарихи оқиғалар өрбіді. Әсіресе патшалық Ресей мен Кеңестік билік кезеңдерінде отарлық езгіге, ұлттық мүдденің ескерілмеуіне қарсы бағытталған жасырын ұйымдар мен қозғалыстар қалыптаса бастады. Мұндай ұйымдар көбінесе ресми құрылымдар тарапынан қуғын-сүргінге ұшырап отырғандықтан, астыртын сипатта әрекет етуге мәжбүр болды. Олардың қызметі кеңестік жүйеге ашық қарсы шығудан бастап, ұлттық сананы ояту, ана тілі мен мәдениетті қорғау, жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу бағыттарында өрбіді.

Жасырын ұйымдардың қызметі көп жағдайда құпия сақталып, кеңес үкіметі тарапынан «ұлтшыл», «контрреволюциялық» деп бағаланды. Олар туралы нақты деректер көбіне НКВД, ОГПУ, КГБ құжаттары арқылы ғана белгілі болып отыр. Соңғы жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия жұмысының нәтижесінде аталған ұйымдар жайлы архивтік деректер жарыққа шығып, олардың тарихи орнын қайта бағалауға мүмкіндік туды. Бұл ұйымдардың әрекеті – тек саяси наразылықтың ғана емес, ұлттық рухтың тірі қалуының белгісі. Сол себепті де олардың қызметін ғылыми тұрғыда зерттеу, әділ бағасын беру – тәуелсіз Қазақстанның тарихи санасын жаңғыртудың маңызды бөлігі.

Кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында қоғамдық-саяси пікір білдіру, әсіресе билікке сын айту аса ауыр қылмыс саналып, жаппай қуғын-сүргінге ұшырауға әкелетін. Сталиндік билік жүйесі азаматтардың еркін ойлау мүмкіндігін шектеп, кеңестік идеологиядан ауытқыған кез келген әрекетті заңсыз деп таныды. Алайда мұндай репрессивті жағдайларға қарамастан, кеңестік Қазақстанда ұлттық сана мен азаттық идеяларын ұстанған жастардың жасырын саяси белсенділігі мүлде жойылып кеткен жоқ. Керісінше, ұлттық рухты сақтап қалуға ұмтылған жастар еліміздің әртүрлі өңірлерінде астыртын ұйымдар құру арқылы саяси қарсылықтың жаңа үлгісін қалыптастырды.

Зерттеудің материалдары мен әдістері

Зерттеу тарихи-деректанулық әдістер негізінде орындалды. Зерттеудің басты мақсаты – ХХ ғасырдың 20-жылдарының соңында Шымкент қаласында құрылған «Қазақшылдар» астыртын ұйымының қызметін ғылыми негізде сипаттап, оның кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы ұлт-азаттық күрес контекстіндегі орнын анықтау болып табылады.

Зерттеу барысында Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивіндегі құжаттық материалдар, тергеу хаттамалары, ОГПУ органдарының ресми мәліметтері мен сот үкімдері негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар Кеңес өкіметінің ұлт саясатына қатысты қабылдаған нормативтік-құқықтық актілері мен саяси құжаттарына тарихи-салыстырмалы талдау жасалды.

Бұл зерттеудің теориялық негізі ретінде ХХ ғасырдағы кеңестік ұлт саясаты, қуғын-сүргін және этносаяси процестер мәселесін зерттеген жетекші ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Атап айтқанда, Н.Ф. Бугайдың кеңестік кезеңдегі депортация саясаты мен репрессиялық тәжірибе туралы зерттеулері ұлттық қозғалыстардың тарихи бағасын айқындауға ғылыми негіз болды. Кеңестік кезеңдегі репрессиялық саясаттың этносаралық қатынастарға, әсіресе аз ұлттарға бағытталған зардаптарын ашып көрсету мақсатында Н.Ф. Бугай өзінің еңбектерінде бұл үдерістердің жүйелі сипат алғанын нақтылап көрсетеді. Оның айтуынша, депортация мен қуғын-сүргін Кеңес билігінің ұлттық саясатындағы тұрақты құралға айналды. «Защита состоялась, проблемы остаются...» атты еңбегінде Бугай репрессияға ұшыраған халықтарды ақтау әрекеттерінің саяси және құқықтық тұрғыдан маңызды болғанымен, бұл үдеріс әлі толық аяқталмағанын атап өтеді. Автор сондай-ақ кеңестік жүйенің бұрынғы саясаты салдарынан этностар арасында сенімсіздік пен тарихи әділетсіздіктің терең ізі қалғанын дәлелдей отырып, оны бүгінгі ұлттар арасындағы қарым-қатынастар контекстінде де ескеру қажеттігін алға тартады [1].

М.Н. Губогло этностар мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасындағы саяси-құқықтық аспектілерді терең талдай отырып, кеңестік ұлт саясатының екіжүзді сипатын ашып көрсетеді. Оның «Политика и право в сфере этногосударственных отношений Кабардино-Балкарии» атты еңбегінде кеңес кезеңіндегі билік құрылымдарының ұлттық ерекшеліктерді мойындағанымен, шын мәнінде, орталықтандырылған басқару жүйесі арқылы этностық өзіндік болмысты шектеуге тырысқаны дәлелденеді. Автордың пайымдауынша, кеңестік ұлттық саясат сырттай теңдік пен автономия ұстанымдарын ұсынғанымен, нақты іс жүзінде этностарға қатысты ассимиляциялық және бақылаушы механизмдерді белсенді қолданды. Бұл тәжірибе Кабардино-Балкария сияқты көпэтносты аймақтарда этностар арасындағы теңсіздікті тереңдетіп, тарихи әділетсіздікке негізделген саяси құрылымдардың орнығуына алып келді [2].

Сонымен қатар А.В. Ястребов құрастырған «Репрессии народов СССР: последствия трагедии» атты жинақта ұсынылған деректер мен аналитикалық тұжырымдар Кеңес өкіметінің ұлттарға жүргізген саясатының салдарын кешенді бағалауға мүмкіндік берді [3].

Аталған авторлардың еңбектері «Қазақшылдар» ұйымы қызметінің саяси қуғын-сүргінмен байланысын, сондай-ақ оның отаршыл жүйеге қарсы демократиялық және ұлттық сипаттағы қозғалыс ретіндегі ерекшелігін дәлелдеуде теориялық және әдістемелік бағдар ретінде қолданылды.

1991 жылы қабылданған РСФСР-дің «Репрессияға ұшыраған халықтарды ақтау туралы» заңы кеңестік кезеңде қуғын-сүргінге ұшыраған этностар мен этникалық топтарға қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған маңызды құқықтық құжат болды. Заңда күштеп жер аудару, мәжбүрлі қоныс аудару, ұлттық негізде қысым көрсету сынды әрекеттердің заңсыздығы ресми түрде танылып, бұл халықтардың саяси, азаматтық және әлеуметтік құқықтарын қалпына келтіру тетіктері белгіленді. Аталған заң репрессияланған халықтардың тарихи мұрасын мойындап қана қоймай, олардың мемлекеттің толыққанды мүшесі ретіндегі құқықтық мәртебесін бекітуге бағытталды. Сонымен қатар, бұл құқықтық акт КСРО-ның ыдырауы қарсаңындағы кезеңде жаңа ұлттық саясатты қалыптастыруда маңызды рөл атқарып, бұрынғы әділетсіздіктерді құқықтық тұрғыда мойындаудың символына айналды [4].

Зерттеу әдістеріне тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-функционалдық және мазмұндық талдау әдістері жатады. Салыстырмалы әдіс арқылы «Қазақшылдар» ұйымының қызметі басқа ұқсас астыртын қозғалыстармен салыстыра отырып қарастырылды. Мазмұндық талдау арқылы 1928 жылғы «Басыңды көтер, қазақ!» үндеуінің мәтіні мен оның идеологиялық жүктемесі сараланды. Құрылымдық-функционалдық әдіс ұйымның ішкі құрылымын, мүшелер арасындағы байланыс жүйесін, олардың атқарған рөлін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің нәтижесінде кеңестік билік тарапынан «контрреволюциялық» деп танылған бұл ұйымның іс-әрекеттері шын мәнінде отарлық жүйеге қарсы ұлтшыл- демократиялық күрестің көрінісі болғаны дәлелденді. Осы арқылы зерттеу қазіргі тарихи сананы жаңғыртуға, тәуелсіз Қазақстандағы саяси-рухани мұраны зерделеуге үлес қосады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Кеңестік тоталитарлық билік халықты саяси қудалауға, ұлттық сана-сезімді тұншықтыруға, қоғамдық пікір мен еркін ойды бақылауға бар күшін салғанымен, қазақ халқының азаттыққа деген ұмтылысын, ұлттық рухын тұтастай жоя алмады. XX ғасырдың әр кезеңінде кеңестік езгіге қарсы шыққан ұлтшыл жастар тобы Қазақстанның әр аймағында астыртын ұйымдар құрып, ұлт азаттығы жолында күрес жүргізді. Бұл ұйымдардың идеялық арқауы – Алаш қозғалысының саяси және рухани мұрасына негізделді. Солардың бірі – 1928 жылы Шымкент қаласында құрылған «Қазақшылдар» жасырын ұйымы еді.

Аталған ұйым қызметі – кеңестік биліктің қазақ қоғамына жүргізіп отырған солақай саясатына қарсы бағытталған саяси наразылық әрекеттерінің көрінісі болды. Бұл ұйым өз жұмысын халықты, әсіресе жастарды, ұлтқа адалдыққа, отарлық саясатқа қарсы тұруға шақырумен бастады. Өз үндеуін ұжымдық тұрғыда жазған ұйым мүшелері оны кеңестік идеологияға қарсы саяси құжат ретінде жариялады. Бұл үндеудің түпнұсқасы сақталмағанымен, бізге жеткен орыс тіліндегі машинкамен басылған екі беттен тұратын аударма нұсқасы Түркістан облысының қоғамдық саяси тарихының мемлекеттік архивіндегі құжаттардан белгілі [5].

Үндеу мазмұны алты құрылымдық бөлімге бөлінген. Оның басты идеясы – қазақ халқының кеңестік билік тұсында да ұлттық өзін-өзі басқару құқығынан айырылып, большевиктік жүйенің астында әлеуметтік, мәдени және саяси езгіде қалғанын көрсету. 1928 жылы 7 мамырда таратылған бұл үндеуде кеңестік биліктің ұлт саясатына ашық сын айтылады. Қазақ автономиясы жарияланғанымен, іс жүзінде биліктің орыс большевиктік номенклатура өкілдерінің қолында екендігі айтылған. Халықтың жерінен, дінінен, тілінен айырылып, саяси құқығының аяққа тапталуы кеңінен сипатталады. Әсіресе астық дайындау, жер өңдеу саясаты, жергіліктендіру науқаны (коренизация), білім беру жүйесі арқылы жүргізілген ассимиляциялық әрекеттер қатты сынға алынады. Сонымен қатар үндеуде жастарды «ұлттық принципті ұмытпауға» шақырған тіке үн қату үлгісі кездеседі.

Міржақып Дулатовтың 1909 жылы жарияланған әйгілі «Оян, қазақ!» [6] жинағындағы «Көзінді аш, оян, қазақ...» деген жолдарына сілтеме жасай отырып, 1928 жылғы үндеуде сол идея жаңа саяси жағдайға бейімделіп: «Басыңды көтер, қазақ!» деген ұранмен ұсынылған. Бұл жаңа ұран тарихи жалғастықты білдірумен қатар, кеңестік отарлық жүйеге тікелей қарсылықты бейнелеген.

Ұйым қызметі Қызылорда мен Шымкент қалаларында қатар жүргізілген. 1928 жылдың сәуір айында Қызылордадан Шымкентке келген ұйым мүшесі Достанов Еңсеп аталған қалада Бітімбаев, Досов және Жүзбаевпен байланыс орнатып, ауылшаруашылық техникумының студенттері Молдабеков және Манасбаевпен саяси жұмыс жүргізе бастайды. Кейін аталған азаматтармен бірігіп, арнайы үндеу дайындайды. Үндеудің мәтінін Бітімбаев пен Достанов дауыстап оқып берген, ал Манасбаев жазып отырып, машинкамен 6 дана көшірме дайындаған. Қажетті қағаз «Знание» дүкенінен сатып алынып, оның ақшасын Досов берген.

1928 жылдың 7 мамырына қараған түні Достанов, Молдабеков және Манасбаев Шымкент қаласының маңызды әкімшілік нысандарына: губерниялық атқару комитетінің, губерниялық бақылау басқармасының, еңбек бөлімі мен сот ғимаратының және қалалық дәрiхананың терезелеріне үндеулерді жапсырып шыққан. Осы әрекеттерінен соң ұйым мүшелері ұсталып, тергеуге алынған [7].

Аталған ұйымның қызметі – XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ жастарының отаршылдыққа қарсы еркіндік сүйгіш рухының нақты айғағы. «Қазақшылдар» ұйымы өз кезегінде кеңестік биліктің қазақ қоғамындағы ұлттық ерекшеліктерді жоюға бағытталған саясатына қарсы шыққан санаулы ұйымдардың бірі болды. Бұл ұйым мүшелері жазалауға ұшырағанымен, олардың әрекеті қазақ ұлт-азаттық қозғалысының бір бөлігі ретінде бағалануға лайық.

1928 жылғы «Қазақшылдар» ұйымының әрекеті кеңестік жүйенің саяси және мәдени ассимиляциясына қарсы бағытталған отарсыздандыру дискурсының ерте көрінісі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл ұйым туралы нақты архивтік деректер негізінде жүргізілетін кең ауқымды зерттеулер Қазақстандағы саяси оппозиция тарихын қайта пайымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Қазақшылдар» қозғалысы мүшелерінің тарихи және саяси бағасын беру – тәуелсіз Қазақстан үшін маңызды гуманитарлық әрі әділеттік міндеттердің бірі.

«Басыңды көтер, қазақ!» (немесе – «Оян, қазақ!»): «Қазақшылдар» ұйымының саяси платформасы.

1928 жылы Шымкент қаласында жасырын құрылған «Қазақшылдар» ұйымы кеңестік биліктің ұлттық саясаттағы әділетсіздігіне қарсы бағытталған бағдарламалық үндеуін «Басыңды көтер, қазақ!» деген атаумен жариялады. Алаш қозғалысының идеялық жалғасы іспеттес бұл ұран XX ғасыр басындағы ұлтшыл зиялы қауымның мұрасын қайта тірілтіп, кеңестік жүйеге қарсы күрестің жаңа буын өкілдерінің рухани ұстанымын паш етті. Аталған саяси құжат алты бөлімнен тұрады және қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдени және әлеуметтік жағдайына жасалған жүйелі сынмен сипатталады.

1. Ұлттық автономия мен өзін-өзі басқару мәселесі

Үндеудің алғашқы бөлімінде 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін барлық халықтарға өзін-өзі басқару құқығы берілді делінгенімен, Қазақ Автономиялық Республикасының он бір жыл ішінде толыққанды саяси егемендікке ие болмағаны атап көрсетіледі. Формалды түрде автономия құрылғанымен, іс жүзінде республика кеңестік жүйенің тағайындаған сырттан келген кадрлары – «еуропалық авантюристер» мен отаршыл номенклатура өкілдерінің басқаруында болды. Олардың басты мақсаты – қазақ халқын мәдени және экономикалық тұрғыда әлсірету арқылы өз үстемдігін нығайту болғаны айтылады. Бұл ой большевиктік аппараттың қазақ жерінде үстемдік орнатқанын айғақтайтын фактілермен бекітіледі.

2. Астық дайындау науқаны мен экономикалық қанау

Кеңестік билік өзін дүниежүзілік революцияның тірегі және авангарды ретінде танытқанымен, Қазақстанда жүргізілген астық дайындау саясаты ашкөздік пен қанаудың көрінісіне айналды. Үндеу авторлары бұл науқанды қазақ халқын аштыққа итермелейтін, шын мәнінде отарлық қанауды жалғастыратын механизм ретінде бағалайды. Осыған байланысты «ашкөз паразиттерге» астық берудің еш негізі жоқ деген пікір білдіріледі.

3. Қазақ халқының саяси құқықсыздығы

Үшінші бөлімде Қазақ халқының өз тағдырын өзі шешуге құқылы саяси субъект ретінде танылмай келе жатқаны айтылған. Автономия жарияланғанымен, қазақ халқы өз конституциялық және саяси жобаларын дербес әзірлеп, іске асыра алмады. Бұл да кеңестік жүйенің ұлттық ерік-жігерді елемеуінің айғағы ретінде бағаланады. Авторлар бұл жағдайды «еуропалық қарақшылар» мен «авантюристердің» қазақтардың табиғи құқығын аяққа таптауы деп сипаттайды.

4. Білім беру жүйесі және мәдени ассимиляция

Кеңес өкіметі енгізген білім беру жүйесі де сын нысанасына алынған. Үндеуде қазақ жастарының кеңестік оқу орындарында орыс мәдениетінің ықпалына бейімделіп, ұлт мәдениетінен алшақтай бастағаны сыналады. Бұл саясаттың түпкі мақсаты – жастарды «мәдени даму жолының соңына, артта қалуға» итермелеу, сөйтіп ұлттық болмысты әлсірету болғаны көрсетіледі. Осыған орай, үндеу авторлары қазақ жастарына: «Ұлттық ұстанымымызды ұмытпауымыз керек! Еуропалық авантюристердің бізді алып бара жатқан жолынан бас тартайық!» деп ашық үндеу тастайды.

5. Жалған «қазақтандыру» саясаты

Бесінші бөлімде кеңестік билік ұсынған жергіліктендіру (коренизация) саясаты шынайы мазмұннан айырылып, жалған ұран деңгейінде қалғаны сыналады. Қазақ қызметкерлерін басқару құрылымына тартамыз деген ресми уәделер орындалмады, ал мекемелердің басым бөлігі әлі де орыс кадрларының бақылауында қалды. «Қазақ халқының мыңдаған өтініш-тілектерінің тым болмаса біреуі орындалды ма?» деген риторикалық сұрақ арқылы авторлар саяси алдау мен орындаусыз уәделердің көптігіне назар аударады.

6. Жер мәселесі және отарлық мұраның жалғасуы

Қазақ халқы патшалық Ресей кезеңінде өз жерінен қуылып, шет аймақтарға ығыстырылған болатын. Кеңес өкіметі келгеннен кейін халық бұрынғы әділетсіздіктердің жойылатынына үміт артты. Алайда шын мәнінде, жағдай бұрынғыдан да нашарлады. Жер реформалары қазақтардың мүддесін қорғауға емес, сырттан келген қоныстанушылардың шекарасын кеңейтуге бағытталды. Бұл бөлімде авторлар тарихи әділеттілік орнамады деген түйін жасайды.

«Қазақшылдар» ұйымының бұл үндеуі – кеңестік жүйенің ұлттық саясаттағы қайшылықтарын, әсіресе қазақ қоғамына қатысты жүргізілген отаршыл бағыттарын батыл әшкерелеген құжат. Үндеу мазмұнына қарағанда, ұйым мүшелері Алаш идеясының жалғастырушылары ретінде кеңестік билікке балама ұлтшыл-демократиялық бағдар ұстанған. Бұл құжат отарсыздану дискурсы мен ұлт азаттығы қозғалысының ХХ ғасыр басындағы көріністерін зерттеуде құнды дереккөз болып табылады.

Үндеудің қорытынды бөлімінде авторлар кеңестік биліктің қазақ жеріндегі отарлық саясатының түпкі мақсатын тарихи шегініс арқылы ашып көрсетеді. Олар 1920 жылы Батыс Қазақстанда өткен Кеңестер съезіне сілтеме жасай отырып, сол жиында көтерілген ресми идеологиялық ұстанымдарға ерекше назар аударады. Атап айтқанда, бұл съезде «қазақтар орыстарсыз ешқашан мәдени даму жолына түсе алмайды» деген тұжырым ашық түрде айтылғаны көрсетіледі. Осы қағидатты басшылыққа алған кеңестік билік қазақ жеріне жерсіз орыстарды көшіруді және оларға шұрайлы аймақтарды беру қажеттігін мақұлдады. Бұл саяси бағдар кеңес өкіметінің отарлық мазмұнын ашып көрсететін басты ұстанымдардың бірі ретінде сипатталады [8].

Осы тарихи әділетсіздіктерді назарға ала отырып, үндеу авторлары өздерін «Саналы Алты Алаштың өкілдері» деп атап, кеңестік саясатты жүзеге асырып отырған отаршыл авантюристерге, сондай-ақ соларға қызмет еткен сатқын қазақ кадрларына қарсы ашық саяси күреске шақырады. Бұл – үндеудің идеялық шегесі, оның азаттық қозғалысы аясындағы ұлттық ұранға айналған тұсы.

Үндеу төмендегі жолдармен түйінделеді:

– «Әділетті “Алаш” ұйымының бірлігі баянды болсын!»

«Қазақшылдар» астыртын ұйымы және 1928 жылғы Шымкент үндеуі: ұлт-азаттық күрестің белгісіз парақтары

– «Қой терісін жамылған кеңестік қанішер авантюрист-қасқырларына өлім келсін!»

– «Қазақ халқының бірлігі жасасын!»

– ««Қазақшылдар» ұйымы жасасын!»

Бұл ұрандар кеңестік биліктің ұлттық мүддеге қарсы әрекеттеріне қарсылық ретінде жарияланған, елдің азаттығы мен бірлігін ұран еткен саяси мазмұндағы үндеудің күрескерлік рухын айғақтайды. «Қазақшылдар» ұйымы атынан таратылған үндеудің соңында оның Шымкент қаласында жазылғаны көрсетілген [9].

«Қазақшылдар» жасырын ұйымының құрамы

1920 жылдардың соңында Кеңестік биліктің ұлт мүддесіне қайшы реформаларына қарсы бағытталған жасырын қозғалыстардың бірі – Шымкент қаласында құрылған «Қазақшылдар» ұйымы болды. Бұл ұйым негізінен ауылшаруашылық техникумының студенттері мен кеңестік мекемелерде қызмет атқарып жүрген жастар қатарынан құралған. Олардың барлығы комсомол қатарында болған, сауатты, белсенді, әрі ұлттық санасы оянған тұлғалар еді. Ұйым мүшелері кеңестік езгіге қарсы бағытталған үндеулер дайындап, оны тарату арқылы отарлық саясатқа қарсылық білдіруді көздеді.

Ұйым мүшелері:

1. Досанов Еңсеп – Сырдария губерниясы, Қазалы ауданы, Қамбаш болысының №1 ауылынан шыққан, 23 жастағы бойдақ, сауатты, комсомол мүшесі, бұған дейін сотталмаған. Ұйым қызметінің белсенді ұйымдастырушыларының бірі.

2. Бітімбаев Әбдірахман – 21 жаста, Қазалы қаласының тумасы. Бойдақ, сауатты, комсомол мүшесі, бұған дейін сотталған, ұйым құрылуы кезінде жұмыссыз. Үндеу мәтінінің редакциясын жүзеге асырушы ретінде белгілі.

3. Манасбаев Қошқарәли – 21 жаста, Әулие-Ата уезі, Қарабәкір ауданының тумасы. Шымкент ауылшаруашылық техникумының студенті. 1928 жылы 25 мамырда ОГПУ тарапынан қамауға алынып, РКФСР ҚК 58–10 бабымен үш жылға сотталған. 1989 жылы 17 маусымда ақталды [10].

4. Молдабеков Мәулен – 22 жаста, Шымкент облысы, Түркістан уезінен. Ауылшаруашылық техникумының студенті, комсомол мүшесі. 1928 жылы 26 қазанда тұтқындалып, 1997 жылы 18 қыркүйекте ақталған.

5. Жүзбаев Абдулла Тастанбекұлы – 1906 жылы туған. Ташкент өңірінен шыққан, дәріханада көмекші болып жұмыс істеген. 1928 жылы 25 мамырда қамауға алынып, РКФСР ҚК 58–10 баптары бойынша бес жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1989 жылы 17 маусымда ақталды.

6. Досанов Халиқұз – 22 жаста, Қызылорда уезі, Қараөзек болысынан шыққан, жалдамалы қолөнершінің баласы, сауатты, сотталмаған. 1928 жылы 7 маусымда №93 тергеу ісі бойынша РСФСР ҚК 58-бабының 2-тармағымен тұтқындалған [11].

Бұл тұлғалардың барлығы кеңестік үкімет тарапынан қатаң қуғын-сүргінге ұшырап, түрлі мерзімге бас бостандығынан айырылды. Алайда 1980–1990 жылдардағы қайта қарау кезеңінде олардың әрекеттері заңсыз қуғын-сүргін ретінде танылып, ресми түрде ақталды.

Қорытынды

1928 жылы Шымкент қаласында құрылған «Қазақшылдар» астыртын ұйымы – кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы бағытталған ұлт-азаттық күрестің белгісіз, бірақ аса маңызды парақтарының бірі. Бұл ұйымның әрекеті – отарлық қысым жағдайында да қазақ жастарының ұлттық сана мен еркіндік идеяларын сақтап қалуға ұмтылған саяси және рухани қарсылығын айқын көрсетеді. «Басыңды көтер, қазақ!» атты үндеуде кеңестік биліктің отаршыл, ассимиляциялық саясатына жүйелі сын айтылып, жастарды ұлттық мүддені қорғауға, отарлық езгіге қарсы тұруға үндеу тасталды.

Ұйымның қызметі мен идеялық ұстанымдары Алаш қозғалысының мұрасына тікелей жалғас болып табылады. Құжат мазмұны мен ұйым мүшелерінің тағдыры – ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы кеңестік биліктің репрессивті саясатына қарсы тұра білген ұлттық рух пен ерік-жігердің көрінісі. Архивтік деректер мен тергеу материалдарына негізделген бұл зерттеу «Қазақшылдар» ұйымының тарихи рөлін қайта бағалауға мүмкіндік береді.

Ұйым мүшелерінің кейін ақталуы – олардың іс-әрекетінің заңдылығы мен әділеттілігін дәлелдейтін маңызды қадам. Бұл ұйымның тарихын зерделеу – тәуелсіз Қазақстанның саяси-тарихи жадын қалыптастыру, тоталитарлық жүйе құрбандарын ақтау және тарихи әділеттілікті қалпына келтіру ісінде ерекше маңызға ие. Сондықтан «Қазақшылдар» қозғалысы – ұлттық мемлекеттілікті сақтауға ұмтылған күрескерлік рухтың көрінісі, ал оның үндеуі – отарсыздану дискурсының алғашқы саяси манифестерінің бірі ретінде бағалануы тиіс.

1929 жылдың күзінен бастап республика көлемінде кеңестік биліктің солақай саясатына қарсы ереуілдер мен ашық қарсылықтар орын алғаны мәлім. Шымкентте тараған «Басыңды көтер, қазақ!» атты үндеудің мазмұны сол қарсылықтардың рухани алғышарты ретінде бағалануға лайық. Мұндай үндеулер қазақ халқының тәуелсіздікке деген талпынысының жалғасып жатқанын және отарлық тәртіпке бейімделуден бас тартқан жаңа буынның қалыптасып келе жатқанын көрсетті. Осы ұйым мен оның

мүшелері ұлт-азаттық қозғалыстың елеулі өкілдері ретінде тарихи әділет тұрғысынан толық ақталуы тиіс. Кеңес билігі оларды «ұлтшыл», «контрреволюциялық топ» деп бағалағанымен, шын мәнінде олар ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен саяси қайраткерлер мен ерікті жастар болатын. Сондықтан оларды «бандит» немесе «қылмыскер» деп сипаттаған кеңестік насихатпен қош айтысу, тарихи шындықты қалпына келтіру – қазіргі қоғамның және ғылыми қауымдастықтың басты міндеттерінің бірі.

«Қазақшылдар» ұйымының қызметі – XX ғасырдың 20-жылдарының соңындағы кеңестік Қазақстандағы ұлттық оппозициялық ой-сана мен әрекеттің көрінісі. Олар қазақ халқының рухани тәуелсіздігін сақтау, отаршыл саясатқа қарсы тұру, ұлттық болмысты қорғау жолында күресті. Бұл ұйымның мүшелері – тәуелсіздік жолындағы ерлік дәстүрдің өкілдері, ал олардың ісі – бүгінгі егемен елдің тарихи жадына айналуға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бугай Н.Ф. Защита состоялась, проблемы остаются... // Приволжский научный вестник. – 2014. – №7 (35). – 123 с.
- 2 Губогло М.Н. Политика и право в сфере этногосударственных отношений Кабардино-Балкарии. – М.; Нальчик. – 2001. – Т.1. – 73 с.
- 3 Ястребов А.В. Репрессии и народов СССР: последствия трагедии. — Самара: ГУСО ДДН. – 2007. – 63 с. – http://scabi.org/download/astaxov_repressii.pdf (Қаралған күні: 11.07.2025).
- 4 Закон РСФСР от 26.04.1991 №1107-1 «О реабилитации репрессированных народов». - base.garant.ru (Қаралған күні: 12.06.2025).
- 5 Түркістан облысының қоғамдық саяси тарихының мемлекеттік архиві, 11-қор, 1-тізбе, 60-іс, Б.1–23.
- 6 Дулатов М. Оян, қазақ! Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. Алматы: Атамұра. – 2003. - 192 б.
- 7 Түркістан облысының қоғамдық саяси тарихының мемлекеттік архиві, 11-қор, 1- тізбе, 60-іс, Б.17–18.
- 8 Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві, 40-қор, 9- тізбе, 1211-іс.Б.1–14.
- 9 Түркістан облысының қоғамдық саяси тарихының мемлекеттік архиві, 11-қор, 1- тізбе. 60-іс, Б.19–2.
- 10 «Открытый список» – самая полная база данных жертв политических репрессий в СССР (1917–1991 гг.). Электронный ресурс <https://ru.openlist.wiki/> (қаралған күні. 01.07.2025).
- 11 Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 31-қор, 1- тізбе, 19-іс, Б.1-11.

ПОДПОЛЬНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ «КАЗАКШЫЛДАР» И ШЫМКЕНТСКИЙ ПРИЗЫВ 1928 ГОДА: НЕИЗВЕСТНЫЕ СТРАНИЦЫ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОЙ БОРЬБЫ

Аннотация

Формирование и развитие подпольных организаций на территории Казахстана в 1920–1980-х годах XX века стало одним из проявлений внутреннего сопротивления общества против советской тоталитарной системы. Большинство таких организаций возникло по инициативе представителей национальной интеллигенции и молодежи. Они использовали различные формы выражения протеста, включая распространение письменных воззваний, пробуждение национального самосознания через литературные произведения и провоцирование общественного недовольства. Примерами таких организаций являются: «ЕСЕП» (1940–1950 гг.), «Жас Қазақ» (1960 г.), «Жас Тұлпар» (1963 г.) и организация «Қазақшылдар», основанная в 1928 году в городе Шымкент. Цель статьи – проведение всестороннего анализа предпосылок формирования, целей и интересов и деятельности подпольной организации «Қазақшылдар», созданной на территории Казахстана в конце 1920-х годов XX века на основе исторических данных. В настоящей статье на основе исторических источников рассматривается создание, цели и деятельность подпольной национально-демократической организации «Қазақшылдар», направленной против Советской власти в конце 1920-х годов. Организация, созданная в Шымкенте, выразила протест против колониальной политики СССР, опубликовав воззвание «Поднимись, казах!» и призвала казахскую молодежь к борьбе с колониализмом. В воззвании подвергались резкой критике политика заготовки зерна, ассимиляция национальной культуры, ложность лозунга «казахизация» и земельный вопрос. В статье освещаются биографии членов организации, их аресты и последующая реабилитация. Также подчеркивается, что деятельность организации и её обращения стали духовным импульсом для народных выступлений того времени. Преследуемая советской властью организация рассматривается как законное продолжение национально-освободительной борьбы. На основе архивных и следственных материалов обосновывается необходимость восстановления исторической справедливости.

Ключевые слова: Казакшылдар, подпольная организация, политические репрессии, национальное движение, советская политика, освободительная борьба.

THE UNDERGROUND ORGANIZATION “KAZAKHSHYLDAR” AND THE 1928 SHYMKENT MANIFESTO: UNKNOWN PAGES OF THE NATIONAL LIBERATION STRUGGLE

Abstract

The formation and development of underground organizations in Kazakhstan during the 1920s-1980s represented one of the manifestations of society's internal resistance to the Soviet totalitarian system. Most of these organizations were initiated by representatives of the national intelligentsia and youth. They employed various methods such as distributing written appeals, awakening national consciousness through literature, and generating public dissent. Notable examples include the "ESEP" (1940–1950s), "Zhas Kazakh" (1960), "Zhas Tulpar" (1963), and the "Qazaqshyldar" organization founded in 1928 in Shymkent. The purpose of the article is a comprehensive analysis on the basis of historical data of the prerequisites for the formation, goals and activities of the underground organization "Kazakhshyldar", created in the late 1920s of the XX century on the territory of Kazakhstan. This article examines the creation, goals, and activities of the national-democratic underground organization "Qazaqshyldar", which emerged in the late 1920s in opposition to Soviet rule. Established in Shymkent, this organization protested against Soviet colonial policy by publishing an appeal titled "Rise, Kazakh!" and urged Kazakh youth to resist colonial oppression. The appeal sharply criticized the Soviet grain procurement policy, the assimilation of national culture, the falsehood of the "Kazakhization" slogan, and unresolved land issues. The article outlines the biographies of organization members, their arrests, and eventual rehabilitation. It also highlights how the organization's activities and appeals served as a spiritual catalyst for public uprisings of the time. Despite being persecuted by Soviet authorities, the organization's actions are considered today to be a legitimate continuation of the national liberation movement. Drawing on archival sources and investigative documents, the article emphasizes the necessity of restoring historical justice.

Keywords: Kazakhshyldar, underground organization, political repression, national movement, Soviet policy, anti-colonial resistance.

REFERENCES

- 1 Bugai, N.F. [The defense was held, but the problems remain] // Volga Scientific Bulletin. – 2014. – No. 7 (35). –123. p. [in Russian]
- 2 Guboglo, M.N. [Politics and Law in the Sphere of Ethno-State Relations in Kabardino-Balkaria]. – Moscow; Nalchik. – 2001. – Vol. 1. –73. p. [in Russian]
- 3 Yastrebov, A.V. [Repressions of the Peoples of the USSR: Consequences of the Tragedy]. – Samara: GUSO DDN, 2007. – 63 p.[in Russian]
- 4 Law of the RSFSR No. 1107–1 of April 26, 1991 ["On the Rehabilitation of Repressed Peoples"]. – base.garant.ru (Accessed: 12.06.2025). [in Russian]
- 5 Turkistan Regional State Archive of Socio-Political History, Fund 11, Inventory 1, File 60, P. 1-23. [in Kazakh]
- 6 Dulatov, M. Oyan, Qazaq! Novel, Poems, Short Stories. – Almaty: Atamura, 2003. – 192 p. [in Kazakh]
- 7 Turkistan Regional State Archive of Socio-Political History, Fund 11, Inventory 1, File 60, P. 17–18. [in Kazakh]
- 8 Turkistan Regional State Archive of Socio-Political History, Fund 40, Inventory 9, File 1211, P. 1–14. [in Kazakh]
- 9 Turkistan Regional State Archive of Socio-Political History, Fund 11, Inventory 1, File 60, P. 19–21. [in Kazakh]
- 10 Open List – The most complete database of victims of political repression in the USSR (1917–1991). Electronic resource: <https://ru.openlist.wiki/> [in Russian] (accessed: 01.07.2025).
- 11 Turkistan Regional State Archive of Socio-Political History, Fund 31, Inventory 1, File 19, P. 1–11. [in Kazakh]

Information about authors:

Serikbay Mamraimov – **corresponding author**, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor at South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov, 160000, Shymkent, Republic of Kazakhstan

E-mail: s_dauletuly@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3820-1513>

Информация об авторах:

Серикбай Мамраймов – **основной автор**, Кандидат исторических наук, доцент Южно-Казахстанского педагогического университета имени Узбекали Жанибекова, 160000, г. Шымкент, Республика Казахстан

E-mail: s_dauletuly@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3820-1513>

Авторлар туралы ақпарат:

Серікбай Мамраймов – **негізгі автор**, Тарих ғылымдарының кандидаты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің доценті, 160000, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: s_dauletuly@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3820-1513>